 - айдап қотару ортасын беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы
- міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдықта қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықты пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдықты пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, өуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Оралған жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Мейлінше жоғары сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

Назар аударыңыз

Fire Mono CR және Mono CR қысым арттыру қондырғыларын - 10 °C-ден 50 °C дейінгі температуралы үй-жайларда сақтаған жөн.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келу себебі болуы мүмкін.

Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Аталған Нұсқаулық Fire Mono CR және Mono CR қысымды жоғарылату қондырғыларына таратылады.


Қысымды жоғарылату қондырғысы келесі нұсқаларда жетімді:

- JFA сорғысымен басқару шкафымен;
- JP3 сорғысымен басқару шкафымен.

Басқару шкафына байланыссыз, Fire Mono CR және Mono CR қысымды жоғарылату қондырғыларында келесі орындалымдағы тік көпсатылы OR сорғылары пайдаланылуы мүмкін: CR, CRI, CRN, CRT және CRFF.

Конструкция


Fire Mono CR және Mono CR қондырғылары CR сериялы тік көпсатылы сыртқатепкіш сорғы болып табылады және оның басқару пульті біртұтас қаңқаға бірге орнатылған. Сорғылық қондырғының құрылымы 1 суретте ұсынылған.



| Айқ.. | Аталуы | Саны |
|-------|------------------|------|
| 1 | Басқару пульті | 1 |
| 2 | CR сериялы сорғы | 1 |
| 3 | Қаңқа-негіз | 1 |

1-сур. Fire Mono CR / Mono CR құрылымы

Фирмалық тақташа



TM06 1943 5014

2-сур. Фирмалық тақташа

| Айқ. | Сипаты |
|------|----------------------------------|
| 1 | Типтік белгі |
| 2 | Өнім нөмірі |
| 3 | Сериялық нөмірі |
| 4 | Қозғалтқыштың типі |
| 5 | Жұмыс дөңгелегінің диаметрі [мм] |
| 6 | Номиналды беру [м.куб./сағ.] |
| 7 | Номиналды тегеурін [м] |
| 8 | Қозғалтқыштың қуаттылығы [кВт] |
| 9 | Айналу жиілігі [мин] |
| 10 | Салмағы [кг] |
| 11 | Дайындаушы ел |
| 12 | Дайындалу күні [жыл, апта] |
| 13 | Нарықтағы айналым белгілері |
| 14 | Дайындаушы фирма |

Типтік белгі

| Мысал | Fire Mono | CR 1-17 | JP3 | 400 | 1.1 | 3 | 50 |
|---|-----------|---------|-----|-----|-----|---|----|
| Fire Mono – Grundfos қондырғысының аталуы | | | | | | | |
| CR (I,N,T,FF) – Сорғының типтік қатары | | | | | | | |
| 1 – Номиналды беру [м.куб./сағ.] | | | | | | | |
| 17 – Жұмыс дөңгелектерінің саны | | | | | | | |
| JP3 (JFA) – Сорғылармен басқару шкафы | | | | | | | |
| 400 (230) – Желі кернеуі [Вт] | | | | | | | |
| 1.1 – Электр қозғалтқыштың қуаттылығы [кВт] | | | | | | | |
| 3 – Фазалар саны | | | | | | | |
| 50 – Желінің жиілігі [Гц] | | | | | | | |

5. Орау және жылжиту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық Сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжиту



Назар аударыңыз

Ескертпе
Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.

Назар аударыңыз
Жабдықты қорек кабелінен ұстап көтеруге тиым салынады.

6. Қолданылу аясы

Fire Mono CR және Mono CR қондырғылары жиынтықты өрт сөндіру қондырғыларымен бірлесіп, өрт сөндіру саласындағы қысымды жоғарылатуға және қалыпты жағдайда ұстау үшін арналған.

Fire Mono CR және Mono CR қондырғылары температурасы +5 С-ден +60 С дейінгі суды айдау үшін құрастырылған.

7. Қолданылу қағидаты

Қондырғылар жүйенің талаптарына сәйкес автоматты түрде жұмыс істейді, яғни сорғымен басқару шкафының ішінде орнатылған қысым релесінің көрсеткіштеріне сәйкес. Fire Mono CR және Mono CR қондырғылары сорғыны қосу/ажырату арқылы тұрақты қысымды қалыпты жағдайда ұстап отырады.

Сорғы қысымның «Қысымның қосылуы» атты алдын - ала орнатылған белгісіне түскенде қосылады.

Қажетті шығын азайған кезде, қондырғының шығуындағы қысым көтеріледі, және «ажыратылу қысымы» берілген мәніне жеткен кезде қысым релесі сорғыны ажыратады.

8. Құрастыру

Назар аударыңыз

Құрастыруға кірісер алдында мыналарға көз жеткізіңіз:

- Қондырғының жиынтығының тапсырысқа сәйкестігіне.
- Көрінетін зақымдардың жоқтығына.

8.1 Пайдаланатын жерде орнату

Қондырғыны орнату және қосу жұмыстары жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс. Қысым релесін баптау кезінде мына фактіні ескеру қажет болады, қондырғыны өрт сөндіру қондырғыларында жокей-сорғы ретінде қолданған кезде, қондырғы үнемі өрт сөндіру сорғысы қосылғанға дейін қосылады. Қондырғы сорғының электр қозғалтқышы және басқару шкафын жеткілікті салқындатумен қамтамасыз ету үшін, жақсы желдетілетін бөлмеде пайдаланылуы тиіс.

8.2 Құбыр желісіне қосу

Сорғының негізіндегі нұсқар сұйықтық ағынының бағытын көрсетеді. Қосылатын құбыр желісі дұрыс орнатылған болу керек.

Назар аударыңыз

Техникалық қызмет көрсетудің ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін, сорғының сорып алатын және тегеурінді магистралдарында ысырма қарастыру керек, сонымен қатар тиісінше сорып алатын және тегеурінді магистралдарында кері клапан мен манометр.

Назар аударыңыз

Пайдалануды тоқтатқаннан кейін, қондырғыны рұқсатсыз пайдалануды болдырмас үшін, шаралар қарастыру керек.

9. Электр жабдықты қосу



Ескертпе
Электр құрылғыларын құрастыру тиісті электр жалғауларының сызбасымен және жалпы және жергілікті қауіпсіздік техникасына сәйкес өкілетті білікті персоналмен орындалуы тиіс.

- Қондырғының электр қондырғыларын орнату IP55 қорғаныш дәрежесіне сәйкес келуі тиіс.
- Қондырғының сипаттамалары құрастыру орнындағы электр қорегі көзінің параметрлеріне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
- Сымның көлденең тармақтары электр жалғауларының сызбасында көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өткізіледі. Құрастыру орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.


Қондырғы қосуға дайын күйінде жеткізіледі. Қондырғыны пайдалануға енгізу келесі түрде орындалады:

1. Қондырғы жиынтығының тапсырыс ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеріңіз және жеке бөлшектері мен тетіктерінің зақымдануының жоқтығына көз жеткізіңіз.
2. Су беру магистралын қосу керек. Тиісті клеммалардың қысқыштарына электр қосуын жүргізу керек (басқару шкафына арналған Төлқұжаттағы, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықтағы қосу сызбасын қар.). Сымдардың көлденең тармақтарының/кабельдердің/құбырлардың жобалық құжаттамадағы ерекшеліктерге сәйкестігін тексеріңіз. Сорғының орнату автоматын ажыратыңыз.
3. Сорғының тегеурінді магистралындағы ысырманы жабыңыз және сорғылық қондырғыны, сонымен қатар сорып алатын магистралды сумен толтырыңыз. Сумен толтыру процедурасы төменде сипатталған.

Гидрожүйені сумен толтыру

Гидрожүйені сумен толтыру келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- Айдау жағындағы ысырманы жауып қою.
- Сорғының жоғарғы бөлігіндегі құю түтігінің бұрандалы тығынын (1 айқ.) бұрап ағыту.
- Гидрожүйенің сорып алатын желідегі ысырманы, құю түтігінен түзу ағынмен су аққанша, баяулап ашуды бастау.
- Құю түтігінің бұрандалы тығынын орнатып, оны мықтап тарту.
- Ысырманы (ысырмаларды) толық ашу.



TM02 6491 0609

| Айқ. | Аталуы |
|------|--|
| 1 | Құю түтігінің тығыны |
| 2 | Ағызып жіберу саңылауының тығыны |
| 3 | Ағызып жіберу саңылауының тығыны/ қайта жіберетін клапан |

3-сур. Құю түтігіне арналған бұрандалы тығын

11. Пайдалану

Пайдалану шарттары 15. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.

Fire Mono CR және Mono CR қысымды жоғарылату қондырғыларындағы сорғылар баптауды қажет етпейді.

Басқару шкафтарын баптау бойынша нұсқаулар басқару шкафына жасалған Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықта келтірілген (жеткізу жиынтығына кіреді).

12. Техникалық қызмет көрсету

Қондырғыға техникалық қызмет көрсету 3 айда бір рет электр кабелінің және электр негіздерінің бүтіндігін тексеруді қарастыру керек. Сонымен қатар сол жиілікпен сорғының/сорғылардың кіру және шығу келте құбырларының жалғауларының бүтіндігін тексеру керек.

13. Істен шығару

Қондырғыны пайдаланудан шығару үшін, басты ажыратқышты ажыратқан жөн.



Ескертпе
Басты ажыратқыштың алдындағы ток өткізгіштерде әлі де кернеу бар. Электр қорегінің кездейсоқ қосылуын болдырмас үшін, таратушы қалқанның қақпағын жауып қойған жөн.

Пайдалануды тоқтатқаннан кейін, сорғылардың жол берілмейтін пайдалануын болдырмас үшін, шаралар қарастыру керек.

Сорғы электр қозғалтқыштың тиісті іске қосқышын, тізбектің автоматты ажыратқышын немесе сақтандырғышты ағыту арқылы пайдаланудан шығарылады.

14. Төмен температуралардан қорғау

Төменгі температуралар кезеңінде қолданылмайтын сорғыдан, оның зақымдануын болдырмас үшін, сұйықтықты ағызып жіберу керек.

Сорғыдан жұмыс сұйықтығын ағызып жіберу үшін, сорғының негізіндегі ағызу саңылауының және бас жақ бөлігіндегі ауа шығаруға арналған саңылаудың бұрандалы тығындарын бұрап ағытыңыз.



Ескертпе
Басты ажыратқыштың алдындағы ток өткізгіштерде әлі де кернеу бар. Электр қорегінің кездейсоқ қосылуын болдырмас үшін, таратушы қалқанның қақпағын жауып қойған жөн.

Сорғы жаңадан пайдаланбайынша, желдету саңылауының бұрандасын тартпаңыз және ағызу саңылауының тығынын салмаңыз.

15. Техникалық сипаттамалар

15.1 Қысым

Кірудегі қысым

Fire Mono CR және Mono CR қысымды жоғарылату қондырғылары кірудегі қысымның оң мәні (жүйені баптау қысымы) немесе кірудегі қысымның теріс мәні кезінде жұмыс атқара алады (яғни сорып алу коллекторындағы вакуум кезінде).

Кірудегі қысымды келесі жағдайларда есептеу ұсынылады:

- Ұзын сорып алатын құбыр желісі,
- Су сору сорып алушы коллектордың білігінен төмен,
- Кірудегі нашар жағдайлар.

Нұсқау

Осы нұсқаулықтағы «кірудегі қысым» термині қысымды жоғарылатуды орнату алдында өлшеуге болатын қысым/вакуумды білдіреді.

Кавитацияны болдырмас үшін, қондырғының кіруінде мейілінше төмен жол берілетін кіру қысымы қамтамасыз етілуі тиіс. Кірудегі мейілінше төмен қысымды келесі түрде есептеп шығаруға болады:

$$H = P_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$$

P_b = бармен өлшенген атмосфералық қысым.

(Атмосфералық қысым 1 бар тең болып қабылдануы мүмкін).
Жабық жүйелердегі P_b жүйедегі қысымның бармен өлшенгенін білдіреді.

$NPSH$ = Сорып алатын келтеқұбырдың астындағы сұйықтық бағанының биіктігі, су бағанының метрімен (сорғыларға арналған төлқұжаттағы, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтағы қисық $NPSH$ бойынша айқындалады).

H_f = Жеке сорғының мейілінше көп беруі кезіндегі метрмен берілген сорып алу магистралындағы үйкеліске кеткен шығын.

Ескертпе: Егер сорғының сорып алатын жағында кері клапан орнатылған болса, клапандағы шығындарды үстемелеп қосу керек. Дайындаушының құжаттамасын қар.

H_v = Су бағанының метрімен берілген қаныққан бу қысымы.

t_m = жұмыс сұйықтығының температурасы.

H_s = Қор коэффициенті, кем дегенде су бағанының 0,5 метріне тең.

Есепті «Н» кернеуінің оң мәні болған кезде, сорғы сорып алудың мейілінше жоғары «Н» метр биіктікте жұмыс істей алады. Егер есептеп шығарылған «Н» мәні теріс болса, жұмыс барысында су бағанының «Н» метріне тең, тіреудің мейілінше төмен қысымы қажет.

Мысал

$P_b = 1$ бар.

Сорғының типі: CR 15, 50Гц.

Берілу: 15 м.куб./сағ.

$NPSH$ (теру бағдарламасындағы немесе каталогтағы диаграммадан алынады).

Тегеуріннің 1,1 метрі.

H_f = тегеуріннің 3,0 метрі.

Сұйықтық температурасы: + 40 °С.

H_v (судың температурасы +40 °С кезінде алынады) тегеуріннің 0,75 метрі.

$$H = P_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s \text{ [тегеуріннің метрі]}.$$

$$H = 1 \times 10,2 - 1,1 - 3,0 - 0,75 - 0,5 = 4,85 \text{ тегеурін метрі.}$$

Бұл сорғының жұмыс істеуі кезінде 4,85 тегеурін метрінен артық емес сорып алу биіктігі қамтамасыз етіледі.

Бұл мына қысымға сәйкес келеді: $4,85 \times 0,0981 = 0,476$ бар.

Қысым, кПа есептелген: $4,85 \times 9,81 = 47,58$ кПа.

Кірудегі мейілінше жоғары қысым

CR, CRI, CRN, CRT, CRFF сорғыларына арналған Төлқұжатты, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

Жұмыс қысымы

Стандартты орындалудағы мейілінше жоғары жұмыс қысымы 16 бар құрайды.

Grundfos тапсырыс бойынша Fire Mono CR және Mono CR қысымды жоғарылату қондырғысын 25 бар жоғары мейілінше жоғары жұмыс қысымымен ұсынады.

15.2 Температура

Айдалатын судың температурасы: +5 °С-ден +60 °С дейін.

Қоршаған ортаның температурасы: +5 °С-ден +50 °С дейін.

Ыстық сұйықтықты айдау кезінде қызмет көрсетуші қызметкерді ыстық беттерден күйік алуы қатерінен қорғау шараларын қолдану қажет.

15.3 Қатысты ылғалдылық

М.ж. қатысты ылғалдылық: 95 %.

15.4 Дыбыстық қысым

Дыбыстық қысымның деңгейін сорғыларға арналған Төлқұжаттан, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтан қар.

Бірнеше сорғыға арналған дыбыс қысымының деңгейін келесі түрде есептеп шығаруға болады:

$$L_{m.ж.} = L_{сорғы} + (n - 1) \times 3$$

$L_{m.ж.}$ = Дыбыс қысымының мейілінше жоғары деңгейі.

$L_{сорғы}$ = Бір сорғының дыбыс қысымының деңгейі.

n = Сорғылардың саны.

15.5 Электр құрылғысының деректері

Сорғының басқару шкафына арналған Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою



Жұмысты бастамас бұрын, сорғының электр қозғалтқышының клеммалы қорабында немесе қысым релесінен барлық фазаларды/полюстерді электр қорегінің желісінен ажыратып тастау қажет.

| Ақаулық | Себебі | Болуы мүмкін әрекеттер |
|---|--|--|
| 1. Қосқаннан кейін, электр қозғалтқыш жұмыс істемейді | <ul style="list-style-type: none"> a) Қорек кернеуінің берілуі ағытылған b) Электр қозғалтқыштың қорғанышты автоматы іске қосылды (бір фазалы электр қозғалтқышын пайдалану кезінде автомат қысқа уақыттан кейін қайтадан автоматты түрде электр қозғалтқышты қосады) c) Соленойд шарғысының немесе қорғаныш автоматының коммуникациялайтын түйісулерінің ақауы (үш фазалы электр қозғалтқыштар үшін) | <ul style="list-style-type: none"> a) кернеудің берілуін қосу b) электр қозғалтқышты қайтадан іске қосу c) ақаулы компоненттерді айырбастау |
| 2. Қосқаннан кейін, бірден электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылады | <ul style="list-style-type: none"> a) Электр қозғалтқыштың коммутациялайтын түйісулерінің ақауы (үш фазалы электр қозғалтқыштар үшін) b) Кабель жалғауларының үзілуі немесе зақымдануы c) Электр қозғалтқыштың орамасының ақаулығы d) Сорғының механикалық блокталуы e) Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматының тым төмен орнатылатын мәні (үш фазалы электр қозғалтқыштар үшін) | <ul style="list-style-type: none"> a) ақаулы компоненттерін айырбастау b) кабельдің жалғауларын тексеру/кабельді айырбастау c) электр қозғалтқышты айырбастау d) сорғыны тексеру, қажет болған жағдайда, сорғылық агрегатты айырбастау e) электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматының баптауларын өзгерту |
| 3. Кейбір уақыттарда электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылады | <ul style="list-style-type: none"> a) Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматының тым төмен орнатылатын мәні b) Токтың тұрақсыз берілуі c) Кейбір уақыттарда желіде кернеудің өте күшті құлауы болады | <ul style="list-style-type: none"> a) электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматының баптауын өзгерту b) электр қорегін тексеру c) электр қорегін тексеру |
| 4. Қысымды жоғарылату қондырғысы тұрақсыз өндірімділікпен жұмыс істеуде | <ul style="list-style-type: none"> a) Сорып алушы құбыр желісінің өлшемі өндірімділікпен салыстырғанда тым аз b) Судың көлемі қысымды жоғарылату қондырғысының бұл өндірімділігі үшін тым аз c) Судың деңгейі тым төмен d) Сорып алатын құбыр желісі жартылай балшықпен бітелген | <ul style="list-style-type: none"> a) сорғылық құрылғыны қайта теру, қажет болған жағдайда, сорғылық бөлігін айырбастау b) қондырғының кіруіндегі қысымды тексеру c) судың деңгейін тексеру d) құбыр желісін/сорғының гидравликалық бөлігін тазалау |
| 5. Қысымды жоғарылату қондырғысы жұмыс істеуде, бірақ су бермейді | <ul style="list-style-type: none"> a) Сорып алатын құбыр желісі балшықпен бітелген b) Сорып алушы құбыр желісінің герметикалығы бұзылған c) Сорып алушы құбыр желісінің ішінде немесе қысымды жоғарылату қондырғысының ішінде ауа бар d) Кері немесе қабылдауыш клапан жабық күйінде блокталған | <ul style="list-style-type: none"> a) құбыр желісін/сорғының гидравликалық бөлігін тазалау b) құбыр желісінің бүтіндігін тексеру c) сорғылық бөлігінен ауаны шығару d) кері/қабылдауыш клапандардың күйін тексеру |
| 6. Өте жиі қосу/ажырату | <ul style="list-style-type: none"> a) Қысым релесін қате реттеу b) Диафрагмалы тегеурінді гидробактағы тіреуіш қате реттелген c) Кері немесе қабылдауыш клапан жабық күйінде герметикаланбаған d) Тегеурінді гидробактың диафрагмасынан ағу. Гидробактағы тіреуіш құлап қалды. Егер диафрагманың герметикалығы бұзылса, онда қысымды жоғарылату қондырғысын іске қосқан кезде клапан арқылы су келетін болады. | <ul style="list-style-type: none"> a) қысым релесін жүйенің талаптарына сәйкес баптау b) гидробактың баптауларын реттеу/гидробакты айырбастау c) клапанды айырбастау d) гидробакты айырбастау |

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

«GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*
* нақты дайындалу елі фирмалық тақтасасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

**RU**

Установки повышения давления Fire MONO CR и MONO CR сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011). Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.AI30.B.01751, срок действия до 07.07.2020 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11AI30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 8 июля 2015 г.

KZ

Fire MONO CR және MONO CR қысымды жоғарылату қондырғылары «Төменвольты жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машина және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) Кеден Одағының техникалық регламенттеріне сәйкес сертификатталды. Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.AI30.B.01751 жарамдылық мерзімі 07.07.2020 ж. дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан № РОСС RU.0001.11AI30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Қыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

| |
|----------------------|
| 98954705 0815 |
| ECM: 1163693 |